

ҚАЗАҚ ТІЛІ

1-бөлім

3

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің
3-сыныбына арналған оқулық
(оқыту қазақ тілінде емес)

Екі бөлімді

3

1-бөлім

Шартты белгілер:



— тыңдайық



— жауап берейік



— оқыық



— анықтайық



— айтайық



— құрастырайық



— жазайық



— ойнайық

Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің (оқыту қазақ тілінде емес) 3-сыныбына арналған оқулық. Екі бөлімді. 1-бөлім, 2026. – 114 б.

1-бөлім. – 2026. – 114 б.

Қымбатты оқушы!

Сен бұл оқулықтан қазақ тілін үйренесің.

Әр сабақта қызықты тапсырмалар орындайсың.
Тақпақтар, өлеңдер, жаңылтпаштар жаттайсың.
Қызықты ертегілер оқисың. Жұмбақтар шешесің.
Мақалдың мағынасын түсінесің. Қазақ тілінде
сөйлеуді үйренесің.



1. ЖАНДЫ ТАБИҒАТ

ТАБИҒАТ ДЕГЕН НЕ?

1-сабақ

СЕН


- ✓ қоршаған ортамен танысасың;
- ✓ парталасыңмен сөйлесуді үйренесің.

табиғат
балық
жәндік
орман



1-тапсырма. Тыңда. Сызбаны толықтыр.

Табиғат – бізді қоршаған орта. Аспан, жер, тау, су, жануарлар мен өсімдіктер әлемі. Табиғаттың бізге беретін сыйы көп. Оған ұқыптылықпен қараған дұрыс. Табиғатты қорғау керек.



2-тапсырма. Диалогті парталасыңмен оқы.

Табиғат деген не?

– Табиғат деген не? – деп сұрады кішкентай

– Табиғат дегеніміз – таза су, – деді

– Табиғат деген не? – деп сұрады

– Табиғат дегеніміз – орман, – деді

– Табиғат деген не? – деп сұрады

– Табиғат дегеніміз – таза ауа, – деді

– Табиғат деген не? – деп сұрады барлық жануарлар.
 – Табиғат дегеніміз – Жер-Ана, Табиғат-Ана, – деді барлығы бір дауыспен.

(Әкім Ысқақ)



3-тапсырма. Суреттерге қара. Сөйлемдер құрап айт.



Тірек сөздер: көбелек, аңдар, жәндік, қорғау, аялау.



4-тапсырма. Үлгіге қара. *Су, орман* сөздерімен сөйлемдер құрап жаз.

Үлгі:

1. Табиғат.
2. Табиғат – үйіміз.
3. Табиғат – біздің үйіміз.
4. Табиғат – біздің ортақ үйіміз.



5-тапсырма. Сөз тіркестерін құрап айт.

таза

өдемі

биік

АДАМ	
Жер	су
жануар	жапырақ
көбелек	тау
ТАБИҒАТ	

сары

жасыл

ақ

СЕН

✓ берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табуды;

✓ сурет бойынша сөйлем құрастыруды үйренесің.

береке
молшылық
айнала
сарғаяды



1-тапсырма. Өлеңді тыңда. Күз айларын ата.

Күз

Күз айы – береке,
Алтын дән сапырған.
Бұл мезгіл – мереке,
Мектепке шақырған.

(Серік Әкірамұлы)



2-тапсырма. Оқы. Сұраққа жауап бер.

Күз – молшылық мезгілі.

Қыргүйек айында жемістер, көгөністер піседі. Қазан айында жапырақтар сарғаяды. Айнала сары түске бөленеді. Қараша айында күн суытады.

- Күз туралы тағы не білесің?



3-тапсырма. Суретке қара. Күз мезгілінің белгілерін ата.

...

...

...

...

...

...





4-тапсырма. Сурет бойынша 2–3 сөйлем құра. Сөйлемдерді толықтырып айт.



Күзде күн ... (қандай?) болады.
Ағаштың жапырағы ... (қандай?).
Күзде ... (не?) піседі.

Грамматикалық қоржын

*Шақтық мағына
(өткен іс-әрекет)
Күз келді.*



5-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті әріптерді қойып жаз.

І

Ө

Е

К...з, к...з, к...з,
Т...к, т...к, т...к,
К...р, к...р, к...р,
К...к, к...к, к...л,
К...лең қыс...а с...з,
Кім оқид... тез?

Ү

Қ

Ы

ТАБИҒАТ БАЙЛЫҒЫ – ӨСІМДІКТЕР

3-сабақ

СЕН

- ✓ өсімдік түрлерін ажыратуды;
- ✓ диалогті жалғастырып айтуды үйренесің.

өсімдік
дәрілік
өсу
қызғалдақ



1-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.



Табиғат өсімдіктерге өте бай. Өсімдіктің 500 мыңдай түрі бар.

Өсімдіктің адамға тигізетін пайдасы зор. Өсімдіктермен жануарлар қоректенеді.

Адамдар дәрілік өсімдіктерді жинайды. Олардан дәрі жасайды. Сәндік өсімдіктерге гүлдер жатады. Табиғатта әдемі гүлдер өте көп.

- Өсімдіктің қанша түрі бар?
- Өсімдік не үшін қажет?



2-тапсырма. Ақпаратты оқы. Сұраққа жауап бер.



Түймедақ – дала өсімдігі. Биіктігі – 35–40 см, хош иісті. Оның пайдасы көп. Ертеде адамдар ауырғанда оны шай орнына ішкен. Түймедақтың гүлінен дәрі жасайды. Ол асқазан, бүйрек ауруларына шипалы.

Түймедақ дәрі жасау үшін арнайы өсіріледі. Түймедақты тек қолмен жинайды.

- Түймедақ туралы не білдің?



3-тапсырма. Диалогті парталасыңмен жалғастырып айт.

- Сәлем, Анар!
- Сәлем, Сәуле!

- Сен қандай гүлдерді білесің?
- Мен раушан, қызғалдақ, қалампыр, түймедақ гүлдерін білемін.
- Түймедақ қайда өседі?
- ...



4-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті әріптерді қойып, көшіріп жаз.

Г...л патшасы – ...ызғалда... . Ол далада ...седі. Қызғалдақ сары, қызғылт түст... болады. Ол – өте н...зік гүл. Қазақстанда қызғалдақты... 34 түрі кездеседі.

ң	ө	і
ө	қ	ү

Грамматикалық қоржын
Шақтық мағына
(күнделікті іс-әрекет)
 Далада қызғалдақ өседі.



5-тапсырма. Суреттегі өсімдік атауларын тап. Сөз тіркестерін құрап айт.



Грамматикалық қоржын

К-Г Қ-Ғ

өсімдік – өсімдігі

қызғалдақ – қызғалдағы



4-сабақ

ҰСАҚ ЖӘНДІКТЕР

СЕН

- ✓ мәтіннен сипаттау сөздерін табуды;
- ✓ сөйлемнің соңына тыныс белгілерін қоюды үйренесің.

ұшу
секіру
құмырсқа
ара



1-тапсырма. Суретке қара. Парталасыңа жәндіктер туралы айтып бер.

- Саған қай жәндік таныс?
- Оны қайдан көрдің?
- Ол қандай? Үлкен бе, кішкентай ма?
- Түсі қандай?
- Ол ұша ма?
- Ол секіре ме?



2-тапсырма. Тыңда. Қай жәндік туралы ақпарат қызық болды?

Көбелек, ара, инелік, құмырсқа, маса жәндіктерге жатады.



өте әдемі.



-ның 5 көзі бар.



жылдам

ұшады.



еңбекқор.



бананның иісін жақсы көреді.



3-тапсырма. Сөйлемдердің соңына тыныс белгісін қойып жаз.

Аралар топтасып жүреді Олар өте еңбекқор Жылдам ұшады Бір күнде 3–4 мың гүлге қонады Шырын жинайды Араның балы қандай Араның балы керемет

?

!

.



4-тапсырма. Мәтінді рөлдерге бөліп оқы. Сұраққа жауап бер.



Үш көбелек (неміс ертегісі)

Ақ, қызыл, сары түсті үш көбелек тату болыпты. Көбелектер гүлді жақсы көреді. Бір күні жаңбыр жауып кетеді. Су болған көбелектер:

– Лалагүл, қызғалдақ, сарғалдақ, бізді жаңбырдан қорғандаршы, – деді.

Лалагүл: – Жарайды, ақ көбелектің түсі маған ұқсайды, соны алайын.

Қызғалдақ: – Қызыл көбелек маған ұқсайды, соны алайын.

Сарғалдақ: – Жарайды, мен өзім түстес сары көбелекті жаңбырдан қорғайын.

– Жоқ, сендер бәрімізге бірдей көмек бере алмайды екенсіңдер. Одан да су болғанымыз артық, – деп көбелектер ұшып кетеді.

Көбелектердің бұл сөздерін Күн естіп қалады. Күн көбелектердің бауырмалдығына қуанады. Жылы шуағын шашып, көбелектердің үстін кептіреді.

- Күн көбелектерге не үшін көмектесті?



5-тапсырма. Жалғауларды дұрыс жалғап айт.

-лар, -лер	үй, тау
-дар, -дер	өзен, орман
-тар, -тер	көбелек, құс

СЕН

- ✓ кестені ақпараттармен толықтыруды;
- ✓ тірек сөздер арқылы сөйлем құрауды үйренесің.

ҰЯ

ТӨМЕН

КӨГЕРШІН

МЕКЕНДЕУ



1-тапсырма. Тыңда. Сурет бойынша сұрақ қой.



Тоғайда әртүрлі құстар бар. Құстар табиғатты қорғайды. Адамдар құстарға қамқор. Олар құстарға ұя жасайды, жем береді.



2-тапсырма. Парталасыңнан құстар туралы сұра. Сұрақтар бойынша диалог құрастырып айт.



Есіңе сақта!

кім?

не?

оқушы

құс

- Қандай құстарды білесің?
- Құстардың қандай пайдасы бар?
- Сен құстарға қалай қамқорлық жасайсың?



3-тапсырма. Оқы. Сұраққа жауап бер.

Көгершіндер қаланы, ауылды мекендейді. Олар адамға жақын жүреді. Басы кішкентай, тұмсығы қысқа. Оларды *кептер* деп те атайды. Ұясында 1–2 жұмыртқасы болады. Көгершін өсімдікпен, дәнмен қоректенеді. Салмағы – 240–350 г.



- Көгершін қандай құс?



4-тапсырма. Көгершін туралы ақпаратты кестеге жаз.

Қайда мекендейді?	Немен қоректенеді?	Салмағы



5-тапсырма. Суретке ат қой. Тірек сөздерді қолданып, сөйлемдер құрап айт.



Тірек сөздер: сазбалшық, қамқор, тамақ тасиды.

**Қарлығаш төмен ұшса,
жаңбыр жауады.**

СЕН

- ✓ ақпаратты тыңдап, түсінуді;
- ✓ сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жазуды үйренесің.

салмақ
құрлық
үңгір
із



1-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Піл, керік, арыстан – ең ірі жануарлар. Пілдің Отаны – Үндістан. Салмағы – 9 тонна. Керік – ең биік жануар. Ол Африкада өмір сүреді. Салмағы – 700 кг.

- Ең ірі қай жануарлар?
- Пілдің салмағы қанша тонна?
- Керік қайда өмір сүреді?
- Керіктің салмағы қанша?



2-тапсырма. Оқы. Сызбаны толықтыр.

Арыстан қартайды. Аңдарды қулықпен аулағысы келді. Өзі үңгірде жатты да:


– Аурумын, жүре алмаймын, – деп барлық аңдарға хабар таратты. Аңдар арыстанның халін білуге келді. Арыстан келген аңдардың бірін кері қайтармады.

Бір күні түлкі келді. Ол үңгірден алыс тұрды.

– Сәлем, Арыстан! – деп оның халін сұрады.

– Халім жаман. Неге жақынырақ келмейсің? – деді арыстан.

– Саған кірген із бар да, шыққан із жоқ! – деп түлкі жүріп кетті.



(не істеді?)
 жатты
...
...



3-тапсырма. Суретке қара. Ұқсас диалог құра.

- Арыстан қандай аң?
- Арыстан – жыртқыш аң.
- Арыстанның ұзындығы қанша?
- Арыстанның ұзындығы – 2 метр.
- Салмағы қанша?
- Салмағы – 250 кг.
- Арыстан қанша жыл өмір сүреді?
- Арыстан 30–35 жыл өмір сүреді.



- Керік қандай аң?
- ...



4-тапсырма. Сөздерді ретімен орналастыр. Сөйлемдер құрап жаз.


1. келді, аңдарды, Арыстан, аулағысы, қулықпен
2. халін, Аңдар, келді, арыстанның, білуге
3. Сәлем, деді, түлкі, Арыстан

Үлгі:

Түлкі: «Сәлем, Арыстан!» – деді.



5-тапсырма. Аңдарды ата. Сөйлемдерді толықтырып айт.



Ең айлакер аң –

Ең қорқақ аң –



Балды жақсы көретін аң –



Аң патшасы –



СЕН

- ✓ ақпаратты тыңдап, түсінесің;
- ✓ сұрақ қойып үйренесің.

мұз
жыртқыш
қожайын
тіршілік ету



1-тапсырма. Тыңда. Қандай жануар туралы айтылады?

- Бұл не?
- Бұл – морж.
- Ол қандай?
- Ол – өте үлкен.
- Салмағы қанша?
- Салмағы – 2,5 тоннадай.
- Тістері қандай?
- Тістері ұзын.
- Ол қайда тіршілік етеді?
- Ол мұз үстінде тіршілік етеді.



2-тапсырма. Оқы. Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой.

Ақ аю – **жыртқыш аң**. Оның бойы – 2,5 метр. Салмағы – **1 тонна**. Олар суда жақсы жүзеді. Итбалықтар мен киттерді **аулайды**. Ақ аюлар Арктикада өмір сүреді. Олар **Қызыл кітапқа** енген.

Қайда?

Не істейді?

Қандай?

Қанша?



3-тапсырма. Сөйлемдердің *дұрыс* немесе *бұрыс* екенін анықта.

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
Ақ аю Африкада өмір сүреді.		
Ақ аю өте жақсы жүзеді.		
Оның ұзындығы – 3,5 метр.		
Ақ аю – Қызыл кітапқа енген жануар.		



4-тапсырма. Оқы. Сұраулы сөйлемдер құрап айт.


Сен білесің бе?

Пингвин –
құс.

Олар
Антарктидада
тіршілік етеді.

Олардың
15 түрі бар.

Пингвиндер
қыста жұмырт-
қалайды.



5-тапсырма. Үлгі бойынша сөйлем құрап жаз.



Мүз
қожайындары



Үлгі: Ақ аю Арктикада мекендейді.

Не?	аю	морж	пингвин
Қандай?	ақ	үлкен	әдемі
Қайда?	Арктикада	суда	мұзда
Не істейді	тіршілік етеді	жүзеді	жүреді

СЕН



- ✓ теңіз жәндіктерінің атауын есте сақтауды;
- ✓ сурет бойынша мәтін құрап жазуды үйренесің.

сегізаяқ
кеме
тіршілік
мұхитарал



1-тапсырма. Тыңда. Теңіздегі тіршілік иелерін ата.


Теңіз астында да тіршілік бар. Онда кит, сегізаяқ, дельфин, медузалар өмір сүреді. Балықтың түрі де өте көп. Олар: бекіре, сазан, шортан, табан.



2-тапсырма. Оқы. Суретке қара. Кит туралы айт.

Жануарлардың ең үлкені – көк кит. Көк киттің ұзындығы – 33 метр, салмағы – 150 тонна. Көк киттің жүрегінің салмағы – 700 кг, тілінің салмағы – 2 тонна. Киттің баласының ұзындығы – 8 метр, салмағы – 6 тонна.

**Көк кит
қандай?**





3-тапсырма. Мәтін бойынша қанша? сұрағына жауап беретін сөздерді тап.

Ұзындығы – ...

Салмағы – ...

Жүрегі – ...

Тілі – ...

2 тонна

33
метр

700 кг

150
тонна



4-тапсырма. Диалогті жалғастырып айт.

- Сен жазда қайда бардың?
- Мен жазда теңізге бардым.
- Қай теңізге бардың?
- Мен Қара теңізге бардым.
- Онда сен нелерді көрдің?
- Онда мен кемелерді көрдім.
- Кемеде кімдер бар?
- Кемеде жолаушылар бар.
- Қандай құстарды көрдің?
- ...

**Грамматикалық
қоржын**

Неде?

Кемеде
жолаушылар бар.



5-тапсырма. Сурет бойынша мәтін құрап жаз. Суретке ат қой.



Тірек сөздер: ашылды, мұхитарал, теңіз жәндіктері, акулалар, тамашалау, Астана қаласында.

СЕН

- ✓ түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алуды;
- ✓ аңдардың қайда мекендейтінін айтуды үйренесің.

жүні
құйрығы
саңырау-
құлақ
бұғы



1-тапсырма. Тыңда. Суретке қара. Жануар туралы ақпаратпен бөліс.

Тиін – орманда тіршілік ететін ең кішкентай аң. Оның ұясы ағаш қуысында болды. Тиіннің түсі қоңыр, қызыл сары. Жүні жұмсақ, қалың, құйрығы ұзын, құлағында шашағы бар. Оның отызға дейін ұясы болады. Ол ағаштардың жемісін, жаңғақ пен саңырауқұлақ жинайды.



Ұясы –
Тамағы –
Түсі –
Қорегі –



2-тапсырма. Диалогті парталасыңмен жалғастырып айт.

Арман: – Мен бұғы көрдім.

Зарина: – Оны қайдан көрдің?

Арман: – Хайуанаттар бағынан көрдім.

Зарина: – Ол қандай екен?

Арман: – Мүйізі өте әдемі екен!

Зарина: – Бұғы сирек кездеседі. Сен оны білесің бе?


Арман: – Иә. Қызыл кітапқа енгенін мұғалім айтты.

Зарина: – Керемет! Кітаптың түсі неге қызыл екен?

Арман: –




3-тапсырма. Кластерді толтыр. Қызыл кітаптағы аңдар туралы ақпарат ізде.



4-тапсырма. Суреттегі жануарлардың мекенін айтып бер.

Қай жануар қайда мекендейді?



5-тапсырма. Аңдардың сипаттамасы мен суреттерін сәйкестендір. Көшіріп жаз.

Ең айлакер аң –

Ең қорқақ аң –

Балды жақсы көретін аң –

Аң патшасы –

Ең биік жануар –

Ең ірі жануар –



ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ТӨЛДЕРІ

10-сабақ

СЕН

✓ үй жануарларының пайдасы туралы айтуды;

✓ мәтіндегі негізгі ойды түсінуді үйренесің.

сиыр

бұзау

жылқы

төл



1-тапсырма. «Төлдер» әнін тыңда. Әндегі төлдерді ата.



2-тапсырма. Суреттерге қара. Толықтырып айт.



... – жылқының төлі.

... – сиырдың төлі.

... – түйенің төлі.

... – ешкінің төлі.

... – қойдың төлі.



3-тапсырма. Ертегіні оқы. Сұрақтарға жауап бер.



Жазда бұзау, қозы, лақ және құлын төртеуі ойнап жүрді. Бір кезде олар арқасында ауыр жүгі бар ботаны көрді.

– Әкел, біз саған көмектесейік, – деп төртеуі ботаның қасына барды.

– Сен неге ауыр жүк көтересің? – деді құлын.
 – Мен анама көмектесіп жүрмін, – деді бота. Барлық
 төлдер оған қызыға қарады. Төлдер ботаға көмектесті.

- Төлдер нені көрді?
- Құлын қандай сұрақ қойды?
- Төлдер ботаға көмектесті ме?



4-тапсырма. Сурет бойынша сөз тіркестерін құрап айт.



**Грамматикалық
қоржын**
Неге?
Сиырға су
бердік.



5-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, жаз.

Сиырдың



-Ы

Жылқының




Ы

Түйенің



-СЫ

Қойдың



-СЫ

бар.

ҮЙ ҚҰСТАРЫ

11-сабақ

СЕН

- ✓ үй құстарын атауды;
- ✓ анаграмманы шешуді үйренесің.

өсіру
жем
үйрек
тауық



1-тапсырма. Тыңда. Мәтіндегі үй құстарын ата.

Атам үй құстарын өсіреді. Онда қаз, үйрек, тауық, өтеш, күркетауық бар. Екеуіміз құстарға ұя жасадық. Мен атама көмектестім. Құстарға жем, су бердік.



2-тапсырма. Ертегіні оқы. Сұраққа жауап бер.

Ертеде екі өтеш дос болыпты. Бір күні әжей құстарына жем шашады.

Шұбар өтеш қасындағы сұр өтешті шоқып, жем жегізбейді. Сұр өтеш ашуланып, шұбар өтешті шоқып алады. Сол кезде көрші балапандар жемді жеп кетеді.

- Өтештердің әрекеті дұрыс па?






3-тапсырма. Үй құстарын ата.

Қай құс артық?



4-тапсырма. Анаграмманы шеш. Сұрақтарға жауап бер.



--	--	--	--	--	--	--

- Бұл қандай құс?
- Ол үй құсына жата ма?
- Ол туралы не білесің?



5-тапсырма. Сөйлемдерге сұрақтар қой. Толықтырып жаз.

Керекті сөздер: кім? не? нелер?

Атамның қорасында ... бар.

Үй құстарына ... жатады.

... құстарға ұя жасады.

НӘТИЖЕ САБАҚ

12-сабақ

СЕН

- ✓ табиғатқа қатысты сөздерді;
- ✓ ертегілерді оқып, мазмұнын айтуды үйренесің.



1-тапсырма. Суретке қара. Сипаттау мәтінін құрап айт.



Тірек сөздер: құмырсқа, шегіртке, ән салу, дән жинау, еңбекқор.



2-тапсырма. Оқы. Сөйлемдердің қайсысы *дұрыс* немесе *бұрыс* екенін анықта.

Ертеде жалқау шегіртке болыпты. Жазда ән айтып, би билепті. Қыс келгенде шегіртке қатты тоңып, оның қарны ашады. Ол құмырсқадан:

– Жылытшы, тамақ берші, – деп көмек сұрайды.


Құмырсқа: – Неге жазда тамақ жинамадың? Неге үй салмадың? – деп ренжиді.

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
Шегіртке еңбекқор болыпты.		
Шегіртке жаздай ән салды, би биледі.		
Құмырсқа шегірткеден көмек сұрайды.		
Шегіртке мен құмырсқа дос болыпты.		



3-тапсырма. Сызба бойынша мәтін құрап жаз.

Үлгі: Күз келді. Күн салқындады.



4-тапсырма. «Жануарлар әлемі» тақырыбына қатысты ғаламтордан ақпарат жина. Жоба дайында.

Жобада мыналар қамтылу керек:

- жануарлардың суреттері;
- жануарлардың тіршілік ортасы;
- жануарлардың қорегі.



5-тапсырма. Қызыл кітаптағы бірнеше жануарды жасанды интеллект арқылы анықта. Олардың қайда мекендейтінін айт.

МАЗМҰНЫ

1. ЖАНДЫ ТАБИҒАТ

1-сабақ. Табиғат деген не?	4
2-сабақ. Күзгі табиғат	6
3-сабақ. Табиғат байлығы – өсімдіктер	8
4-сабақ. Ұсақ жәндіктер	10
5-сабақ. Құстар – біздің досымыз	12
6-сабақ. Құрлық алыптары	14
7-сабақ. Мұз қожайындары	16
8-сабақ. Су әлемі	18
9-сабақ. Жануарлар әлемі.....	20
10-сабақ. Үй жануарлары мен олардың төлдері	22
11-сабақ. Үй құстары	24
12-сабақ. Нәтиже сабақ	26

Оқу басылымы

ҚАЗАҚ ТІЛІ

1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің
3-сыныбына арналған оқулық
(оқыту қазақ тілінде емес)